

Елбасының жолдауы- кемел келешек кепілі



Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы
Послание Президента Республики Казахстан

ҚР президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арналған алғашқы Жолдауын жариялады.

Жолдауда жер, тіл мәселесі, мемлекеттік сатып алу, Ұлттық қор қаражаты, мұғалімдердің жалақысы тәрізді халықтың көкейінде жүрген көптеген мәселерді көтерді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында заманауи тиімді мемлекет құру, азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қарқынды дамыған және инклюзивті экономика, әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі, сондай-ақ, аймақтар мәселесі жайлы айтты. Білім беру сапасын жақсарту, оқушыларды сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету, отбасы мен бала институтын, инклюзивті қоғам құруды қолдау, медициналық қызметтердің сапасы мен қол жетімділігін қамтамасыз ету, әлеуметтік қолдау жүйесін одан

әрі дамыту, отандық зейнетақы жүйесін дамыту мәселесі айтылды. Тоқаев мұғалімдердің жалақысын төрт жыл ішінде екі есеге өсіруді тапсырды. «Мен Тамыз конференциясында алдағы төрт жыл ішінде мұғалімдердің еңбек ақысын екі есе арттыруды тапсырдым. Бұл – келесі жылдан бастап ұстаздардың жалақысы 25 пайызға өседі деген сөз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі іске қосылатындығын айта отырып, «Әркімге жеткізгім келеді: мемлекет тегін медициналық көмектің кепілді көлемін сақтап қалады», – деді.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімділігін арттыру қажеттілігі мәселесі көтеріліп, бюджетаралық қатынастар жүйесінің реформасы мен басқарылатын урбанизация, бірыңғай тұрғын үй саясаты, инфрақұрылымды дамыту мәселесі сөз болды. «Мен пилоттық жоба ретінде жергілікті билік органдарының

тиімділігін бағалау жүйесін енгізуге болады деп санаймын. Мысалы, егер сауалнама нәтижесінде тұрғындардың 30% -дан астамы қала немесе ауыл әкімінің қызметі тиімсіз деп санаса, бұл арнайы комиссия құруға негіз болады», – деді Президент. Мемлекет басшысы сондай-ақ, Үкімет мүшелеріне, мемлекеттік органдар мен өңірлердің, мемлекеттік компаниялардың және мекемелердің басшыларына тиісті реформаның жүзеге асырылуы үшін дербес жауапкершілік жүктеді. «Мен ел тағдырына жаны ашитын әрбір азаматқа зор сенім артамын. Қазақстан – ортақ шаңырағымыз! Мен бәріңізді мерейлі мекенімізді өркендетуге үлес қосуға шақырамын! Сындарлы қоғамдық диалог – татулық пен тұрақтылық негізі», – деп Жолдауында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның әр азаматына сенім білдірді.

С. БЕЙСЕНБАЕВ,
«Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының аға оқытушысы Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ.